

Лисаков қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Лисаков қаласы мәслихатының 2017 жылғы 3 тамыздағы № 132 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 5 қыркүйекте № 7189 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Лисаков қаласы мәслихатының 2021 жылғы 31 тамыздағы № 70 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Лисаков қаласы мәслихатының 31.08.2021 № 70 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2007 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 19-1-бабына сәйкес Лисаков қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Лисаков қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

VIII сессияның төрағасы

Қалалық мәслихат хатшысы

"КЕЛІСІЛДІ"

"Лисаков қаласы әкімдігінің
тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық,
жолаушылар көлігі және
автомобиль жолдары бөлімі"
мемлекеттік мекемесінің басшысы

_____ Р. Шукенов

2017 жылғы 3 тамыз

А. Калинин

Г. Жарылқасымова

Мәслихаттың
2017 жылғы 3 тамыздағы
№ 132 шешіміне
қосымша

Лисаков қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Қостанай облысы Лисаков қаласы мәслихатының 14.12.2020 № 454 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

--	--	--

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объекті	Есептік бірлік	Жылына 1 есептік бірлікке коммуналдық қалдықтардың жинақталу нормасы, м3
1	2	3	4
1	Жайлы үй иелігі	1 тұрғын	1,57
	Жайлы емес үй иелігі	1 тұрғын	1,40
2	Жатақханалар, интернаттар, қарттар үйлері және сол сияқтылар	1 орын	1,21
3	Қонақ үйлер	1 орын	1,40
4	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	0,33
5	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, жинақ банктері, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	1,35
6	Емханалар	1 келіп кету	0,13
7	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	1,80
8	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,09
9	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	0,76
10	Кинотеатрлар, концерт залдары	1 отыратын орын	0,04
11	Мұражайлар, көрмелер	жалпы алаңы 1 м2	0,05
12	Стадиондар, спорт алаңдары	ж о б а бойынша 1 орын	0,08
13	Спорт, би және ойын залдары	жалпы алаңы 1 м2	0,01
14	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер	сауда алаңы 1 м2	0,46
15	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	сауда алаңы 1 м2	0,32
16	Вокзалдар, автовокзалдар	жалпы алаңы 1 м2	0,12
17	Дәріханалар	сауда алаңы 1 м2	0,08
18	Автотұрақтар, автожанармай құю станциялары, гараждар	1 машина-орын	1,08
19	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	1,06
20	Гараж кооперативтері	1 гаражға	0,18
21	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	1,27
22	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	жалпы алаңы 1 м2	0,05
23	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	жалпы алаңы 1 м2	0,07

24	Моншалар, сауналар	жалпы алаңы 1 м2	0,16
25	Бау-бақша кооперативтері	1 учаске	0,04

Ескерту:

м3 - текше метр;

м2 - шаршы метр.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК